

Меркі ауданында салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы

Жамбыл облысы Меркі ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 20 мамырдағы № 158 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2025 жылғы 23 мамырда № 5280-08 болып тіркелді

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы кодексінің 529-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 12 қарашадағы № 475 "Аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесін бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17847 болып тіркелген) сәйкес, Меркі ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті бекітілсін.

2. Меркі ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 22 қарашадағы № 456 "Меркі ауданында салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4418 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Меркі ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Аудан әкімі

Е. Жиенкулов

Меркі ауданы әкімшілігі

2025 жылғы 20 мамырдағы № 158

Меркі ауданы әкімдігінің

2025 жылғы "___" мамырдағы

№___ қаулысына қосымша

Меркі ауданында салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті

№	Ауылдық округтерінің атауы	Елді мекендердің атауы	Коэффициент
1	Ақарал	Ақарал	2,05
		Сыпатай	2,05
2	Акермен	Акермен	2,05
		Ақкөз қайнар	1,95
		Алтын арық	1,95

		Кентай	2,05
3	Ақтоған	Ақтоған	2,15
		Қазақ Дихан	2,05
4	Андас батыр	Андас батыр	2,15
		Аралкыстак	1,95
		Гранитогорск	1,95
		Кызыл қыстақ	1,95
		Шалдовар	2,05
5	Аспара	Аспара	2,05
		Қайындысай	1,95
		Құмарық	1,95
6	Жамбыл	Талдыбұлақ	1,95
		Жамбыл	2,15
		Жеміс жидек	2,15
		Тұрлыбай батыр	1,95
7	Жаңатоған	Қостоған	2,05
		Қызылсай	1,95
		Мыңқазан	1,95
8	Кеңес	Кеңес	2,05
		Жауғаш батыр	1,95
9	Меркі	Меркі	2,15
		Меркі шипажайы	2,55
10	Ойтал	Меркі станция	2,15
		Мықанды	1,95
		Ойтал	2,15
11	Сарымолдаев	Екпінді	2,05
		Ойтал	2,05
		Сарымолдаев	2,15
12	Сұрат	Аққайнар	1,95
		Сұрат	2,05
		Тескентоған	1,95
13	Т.Рысқұлов	Интернациональный	2,05
		Т.Рысқұлов	1,95
14	Тәтті	Ақ Жол	1,95
		Беларық	1,95
		Қарасу	1,95
		Тасөткел разъезді	1,95
		Тәтті	2,05
		Тәтті станциясы	2,05
		Шемен разъезді	1,95

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК